

*Ж. Бисен, *С.Ж. Ибадуллаева, **Г.Ж. Ибадуллаева

Білім алушылардың өз бетінше білім алу ерекшеліктері

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

**№ 217 Б. Шалғынбаев атындағы мектеп-лицей

Аннотация

Аталмыш мақалада білім алушылардың білім алу барысында өзіндік жұмыстың манызы, ерекшеліктері туралы ақпарат берілген. Өз бетінше білім алу процесінің қалыптасуы негізгі кезеңдеріне талдау жасалған.

Түйін сөздер тұлға, білім алушы, өзіндік жұмыстар, білім

Тұлғаның өз бетінше білім алу белсенділігі үздіксіз даму жағдайындағы кәсіби білім беру жүйесінің кәсіби маман даярлаудың қазіргі заманғы стандарттарына сай мазмұны, формалары мен оқыту әдістері болуы тиіс ең қажетті компоненті болып табылады. Сонымен бірге қазіргі заманғы үздіксіз ақпараттар ағыны жағдайында білім алушыларының сапалы білім алуының қажетті шарты болып есептеледі.

Өз бетінше білім алу дегеніміз белгілі бір жеке тұлғалық немесе қоғамдық маңызды білім мақсаттарын: таным процесін, жалпы мәдени және кәсіби қажеттіліктерді қанағаттандыру мен біліктілікті жоғарылатуға бағытталған, арнайы ұйымдастырылған жүйелі танымдық әрекет. Өз бетінше білім алу бұл ақыл-ой және дүниеге көзқарасты өзіндік тәрбиелеу жүйесі, онымен ерік-жігер және рухани өзін-өзі жетілдіру қатар жүреді. Өз бетінше білім алудың соңғы нәтижесі дүниеге көзқарас көкжиегін кеңейтетін өзіндік білім, білікке ие болу.

Өз бетінше білім алуға бірнеше принциптер тән: жалпыға ортақтық, үздіксіздік, мақсатқа бағытталғандық, интеграциялылық, жалпы және кәсіби мәдениеттің бірлігі, индивидуализация, өзара байланыс пен сабақтастық, қол жетімділік, ілгерілеу сипаты, компенсаторлық, төменгі сатыдан жоғары сатыға өтудегі перманенттілік, көпнұсқалылық.

Өз бетінше білім алу процесінің қалыптасуы бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады:

- 1) атқарылатын жұмыс туралы жалпы түсініктің қалыптасуы;
- 2) нені тереңдетіп білгісі келетіндігі анықтау;
- 3) білім деңгейін көтеруге қажетті пәндерді оқудың реттілігін анықтау;

- 4) уақытты және жұмыс күшін аз шығындап, нәтижелі еңбек етуге мүмкіндік беретін тиімді оқыту әдісін таңдау;
- 5) оқудың жоспарын жасау;
- 6) ақпарат көздерімен жұмыс. Бұл кезең өз бетінше білім алудың негізі болып табылады [1].

Өз бетінше білім алу терминінің екі мағынасы бар. Біріншіден, өз бетінше білім алу дегеніміз ол өздігінен оқу, өз бетімен үйрену дегенге келетін тар, практикалық мағынада, ал екіншіден бұл өзін өзі «жасау», өз тұлғасын саналы түрде қалыптастыру дегенге саятын кең, гуманистік мағынадағы түсінік ретінде беріледі. Бұл кең мағынада субъект тек нақты білім, ақпарат алып қана қоймайды, адамзат жасаған мәдениетті сіңіріп, соның арқасында шығармашылық және этикалық сапаларға ие болады [2].

Педагогикалық әдебиеттерде «өз бетінше білім алу» ұғымы екі тұрғыдан түсіндіріледі. Кейбір зерттеушілер өз бетінше білім алуды жаңа білім, білік және дағды игеруге, сонымен бірге өзін өзі дамыту мен жетілдіруге бағытталған процесс ретінде сипаттаса, екіншілері арнайы ұйымдастырылған өзіндік таным әрекеті деп түсіндіреді.

Өз бетінше білім алу ұғымына берілген көптеген анықтамалардың ішінен өз бетінше білім алудың қосымша ақпаратты өзбетімен іздестіру, білім игеру, даму сияқты маңызды белгілерін бөліп көрсетуге болады.

Өз бетінше білім алу педагогикалық ұғым ретінде «өз бетілік жұмыс» ұғымы негізінде дамыды. Өз бетінше білім алу мен өз бетілік жұмыстарға берілген анықтамалардың талдау олардың бір-бірімен өзара байланысты, тұлғаның күрделі әрекетінің түрлері екендігін көрсетеді. Бұл ұғымдардың бір-бірімен араласуы оларды жүзеге асырудың формасы, әдістері және құралдарын таңдауда шатасушылық туғызуы мүмкін. Біздің ойымызша өз бетілік жұмысты өз бетінше білім алудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырған дұрыс. Себебі өз бетінше білім алу тек жоғары оқу орны қабырғасында жаңа білім алу, жаңа білім меңгеру және тереңдетуден тұратын өзіндік жұмыспен салыстырғанда, оқу орнын бітірген соң да жалғасатын, жас маманның білім алу жолы болып табылады.

Өзіндік жұмыс білім алушылардың қызығушылығы тұрғысынан өз бетінше білім алуға жалғаса алатын, тұлғаның белгілі бір білімдік мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған танымдық әрекеті [3].

Бүгінгі таңда білім алушыларының өз бетінше білім алуын ұйымдастыру жоғары білімнің негізіне айналуға. Білім алушыларының өз бетінше жұмысы дербес білім алуға дайындығын қалыптастырып, үздіксіз білімнің базасын құрап, кәсіби біліктілігін үнемі жоғарылатып отыруға мүмкіндік береді. Білім алушыларының өз бетілік жұмысын ретке келтіру С.Д. Смирновтың ойынша жоғары білімнің тиімділігін арттырудың көзі [4].

Болашақ мұғалім даярлаудағы негізгі білім беру бағдарламасы бітіруші түлектің кәсіби дайындығын қалыптастыруға, сонымен бірге үнемі кәсіби тұрғыдан өзін жетілдіруге тәрбелеуге бағытталуы тиіс [5]. Бұл білім

алушыларының өз бетілік жұмысын мақсатқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Болашақ маманды кәсіби даярлау жүйесіндегі студенттердің өз бетінше білім алуының рөлін талдай келе ғалымдар оның жоғары білімдегі зор тиімділігін атап көрсетеді.

Жоғары оқу орындарындағы студенттің өз бетілік жұмысының маңызына баға жетпейді. Студенттердің өз бетінше жұмысы бұл ең алдымен болашақ мамандарда түрлі көздерден алынатын білімді және жеке іс-әрекет барысында ғана игерілетін білік пен дағдыны қалыптастыру қалыптастыру құралы. Өзбетілік жұмыс барысында білім алушы дербес жұмысты жоспарлауды және ұйымдастыруды үйренеді, бұл болашақ қызметіне жауапкершіліктің бастамасын қалайды. Өзбетілік жұмыс сонымен қатар студенттің барлық оқу жұмысының формаларында жүзеге асатын таным әрекетінің негізгі әдісі болып табылады.

Студенттердің өзіндік жұмысының (СӨЖ) басқа жұмыстардан ерекшелігі – студент өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін жұмыс түрін, тапсырманы таңдайды. Өзіндік жұмыс жасай білудің негізі, алғашқы дағдысы мектепте қалануы тиіс. Мектептен жаңа оқу орнына келген студент, өз бетімен жұмыс жасау қабілеттілігі төменділігінен, жұмыс жасау тәсілдерін білмегендігінен көп қиналады. Мысалы, 1-курс студенттерінің 80%-ында материалды талдау, жүйелеу, амал-тәсілді қолдану дағдылары жоқтың қасы. Электронды кітапхана, интернет ресурстарын пайдаланумен қатар, энциклопедия, сөздікпен жұмыс жасау дағдысы жоқ студенттер де кездеседі. Сондықтан да, студенттердің өзіндік жұмыс жасауына көмек беру оқытушының негізгі міндеттерінің біріне айналады [6].

Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті тұлғаларды қажет етеді. Білім беру жүйесінің даму деңгейі қоғамдық дамудың дәрежесі. Осы заманғы ақпараттық технологиясын игеру болашақ мұғалімдерді даярлау ісінде міндетті аспектілері деуге болады.

Инновациялық білім беру – тұлғаға бағытталу, білім берудің негізділігі, шығармашылық, кәсіби бағдар, ақпараттық технологияларды қолдану деген түсінік-тердің жиынтығы. Сондықтан оқытушыны студенттердің қандай қасиеттерін, сапаларын дамыту керек, қалайша өзін-өзі дамыта білуіне көмектесуге болады деген сұрақтар толғантуы керек. Студенттердің ең алдымен, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өз білімін жетілдіру, өзін-өзі бақылау мен бағалау әдет-дағдысын қалыптастыру тұлғаның шыңға жету, сапалы білім алу жолдарының бірі болатыны анық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тарасова Т.С. Самообразование взрослого человека: цель или средство// Материалы II Международной научной конференции «Инновационные педагогические технологии» — Казань: Бук, 2015. — 222-225 с.
2. Н.И. Баньковская. Исследование мотивационных характеристик самообразования студентов// Известия тульского государственного университета.-№2,2010, стр282-293

3. Кутняя И.А. Диагностика уровня самообразовательной деятельности студентов при изучении химии//Сибирский педагогический журнал. №8, 2011.-стр 210-216
4. Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. - М. : Издательский центр «Академия», 2003. - 304 с.
5. Государственный общеобязательный стандарт послевузовского образования, утвержденный Постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года №1080
6. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері//Бастауыш мектеп- №5,6-2012, Б.36-37.